

ҚАРЖЫ-ҚАРАЖАТ



ТӨРТ АЙДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ - 182,6 млрд ТЕҢГЕ

4-БЕТ

Облыстық инвестициялық штабтың 6-отырысы өтті. Штабтың мақсаты - инвесторлардың мәселелерін қарастыру және оларға қолдау көрсету.

ӨНЕР



МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ

7-БЕТ

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай Оралдағы «Атамекен» өнер ордасында мерекелік іс-шара өтті.

АЛТЫН БЕСІК



25-тің ҚЫЗЫҒЫ ҮЗІЛМЕЙТІН ҚЫЗЫЛЖАР

8-9-БЕТ

Теректі ауданының Шағатай ауылдық округіне қарасты Қызылжар ауылының 25 жасқа толған қыз-жігіттері 1995 жылдан бермен қарай, жыл сайын облысқа сауын айтып, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ауқымды іс-шараларды тұрақты ұйымдастырып келеді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



ORAL ÓÑIRI

№42 (21539)

Жұма,

22 мамыр 2026 жыл

Қазақ-кәріс дәрігерлерінің СИМПОЗИУМЫ



2-3

«ОРАЛ ӨҢІРІ» – 2026

Тахир ҚАДИМОВ,
Жәнібек аудандық мәслихатының төрағасы



Өңір басылымының өресі биік

Облыстық «Орал өңірі» газеті - сүйікті басылымдарымыздың бірі. Білгі жұмыс үстелімізден табылатын газет. Өңірдің тыныс-тіршілігіне бейжай қарамау керек деп есептеймін. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі ерекше. Газет арқылы халықтың үні естіледі, ел ішіндегі өзекті мәселелер көтеріледі, игі істер туралы ақпараттар жарияланып келеді.

Мәслихат пен БАҚ - халық пен биліктің арасын жалғай-

тын алтын көпір. Мәслихат депутаттары елдің мұң-мұқтажын көтерсе, журналистер сол мәселені көпшілікке жеткізіп, қоғам пікірін қалыптастырады. Сондықтан сапалы, нақты дерек-дәйек тарататын басылымдарға қолдау көрсету - ортақ міндетіміз.

«Орал өңірі» газеті - өңір шежіресін жазып келе жатқан беделді басылым. Газет беттерінен ауыл тынысы, еңбек адамының жетістігі, жастардың бастамалары мен ел

дамуына қатысты маңызды жаңалықтарды оқимыз.

Мәслихат құрылымында жиырма жылға жуық қызмет етіп келемін. Аудан тұрғындарын облыстық газетке жазылуға шақырамын. Әр шаңырақта қазақ баспасөзі оқылуы керек. Өйткені елдің

ертеңі - саналы қоғам мен сапалы ақпаратта. Осы ретте челленджді әріптестерім - Бөкей ордасы аудандық мәслихатының төрағасы Лариса Қайырғалиеваға, «AMANAT»

партиясы Жәнібек аудандық филиалының атқарушы хатшысы Біржан Қуаналиевке жолдаймын. Жергілікті басылым жазылымына бір кісідей үлес қосады деген сенімдемін.

ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКА		ДОСТАВОЧНАЯ КАРТОЧКА	
басылым индексі	индекс нөмірі	67428	
газетке журналға	газета журнал		
Орал өңірі			
(басылым аты - нивмелювание издания)			
Жазылу бағасы	Саны	4460	
Стоимость подписки	Кол-во		
Мекенжайын өзгерту			
Перезапись			
2026 жылғы		на 2026 год	
1	2	3	4
5	6	7	8
9	10	11	12
Кайда	Қула	Мәслихат	
Кімге	Кому	Тахир Қадимов	
(аты-жөні фамилия, инициалы)			



Күшті әсер ететін улы заттар – денсаулыққа қатты зиян келтіретін немесе өлімге әкелуі мүмкін қауіпті химиялық заттар. Мұндай заттар өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада және тұрмыстық салада қолданылады. Сондықтан олармен жұмыс істегенде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Улы заттар адам ағзасына тыныс алу жолдары, тері немесе ас қорыту жүйесі арқылы енеді. Олардың әсерінен бас айналу, әлсіздік, жүрек айну, тыныс алудың қиындауы және улану белгілері пайда болуы мүмкін. Кей жағдайларда адам өміріне қауіп төндіреді.

Күшті әсер ететін улы заттар – сынап, хлор, аммиак, кейбір пестицидтер мен химиялық реагент-



УЛАНҒАН АДАМҒА

қалай көмек көрсету керек?

тер. Олар өндіріс орындарында және зертханаларда арнайы бақылаумен сақталады. Бұл заттарды пайдаланғанда қорғаныс құралдарын пайдаланған жөн. Атап айтқанда, арнайы қолғап, маска, қорғаныш көзілдірігі және арнайы киім қолданылуы тиіс. Сонымен қатар оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Хлор – тыныстарылтқыш өзіндік күшті иісі бар сарғыш-жасыл газ. Ауадан 2,5 есе ауыр, суда, спиртке, эфирде жақсы ериді. Хлор өндірістің түрлі саласында кеңінен қолданылады. Оны маталарды ағарту үшін, целлюлоза мен қағаз өндірісінде, каучук (резеңке) түрлерін жасауда, су құбырлары стансасында залалсыздандырғыш құрал ретінде суды зарарсыздандыру үшін пайдаланады. Зақымдалған құбырлардан атмосфераға шыққан кезде түтіндейді. Буға айналу барысында және ауада су буымен қосылғанда жер бетіне жасыл-ақ түсті тұман ретінде төселеді, төменгі қабаттарға жер асты қоймаларына кіруі мүмкін. Хлор буы тыныс алу жүйесіне, көз бен теріге қатты әсер етеді. Хлор ағзаға негізінен тыныс алу жол-

дары арқылы енеді. Хлормен улану белгілері: кеуденің қатты ауыруы, құрғақ жөтел, құсу, қозғалыстың бұзылуы, демікпе, көздің ашуы, жас ағу. Жоғары концентрациямен дем алған жағдайда өлімге әкелуі мүмкіндігі бар. Уланған адамның демалысы нашарласа немесе тоқтаса қолдан дем алдыру қажет. Көз, ауыз, мұрын, жұтқыншақты 2-5%-дық ас сода ерітіндісі қосылған таза сумен шайған жөн. Ол адамға жылы сүт, шай, кофе секілді жылы сұйықтық көп ішкізу керек.

Аммиак – ауадан жеңілрек, мүсәтір иісті түссіз газ. Ол тоңазытқыш қондырғыларында хладогент ретінде, тыңайтқыштар және басқа химиялық өнімдерді жасауда қолданылады. Құрғақ түрі ауамен 1:3 қатынаста араласқан кезде жарылыс болады. Суда жақсы ериді. Зақымданған құбырлардан шыққан кезде түтіндейді. Аммиак буы тыныс алу жүйелерін, көз бен теріні қатты тітіркендіреді. Аммиакпен уланғанда жүрек соғысы жиілеп, тамыр соғысы бұзылады, жөтеледі, мұрын бітеліп, көз ашып, жасаурай-

ды, дем алу қиындайды. Ал қатты уланса, жүрек айнып, дене қозғалысы бұзылады, сандырақтайды. Аммиакпен уланған адамға «КД» немесе «М» маркалы өндірістік газтұтқышын немесе айырғыш газтұтқышын кигізіп, таза ауаға жедел шығару қажет. Су буымен дем алдырады. Улы зат асқазанға түссе, бір стақан суға бір шай қасық сіркесуы қосылған бірнеше стақан су ішкізіп, құстыру қажет. Аммиак көзді зақымдаған кезде сумен шаю керек.

Сынап бөлме температурасында күмістей ақ сұйықтыққа айналады. Бұл металл ауада біртіндеп буланып, улы түтіндер шығарады. Егер адамда сынап буымен жедел улану белгілері анықталса, таза ауаға шығару қажет. Бірнеше стакан тұзды су немесе калий перманганатының әлсіз ерітіндісін ішкізіп, құстырады. Зардап шеккен адамға ауыр металдармен улануға қарсы әмбебап құрал «Унитиол» береді. Бұл жағдайда белсендірілген көмірдің пайдасы жоқ. Уланған адамға іш жүргізетін дәрі ішкізеді. Алғашқы көмек көрсеткеннен кейін медициналық мекемеге жеткізу керек.

Дариға НИЯЗОВА,
БҚО ТЖД өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы салааралық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы



ЕКІ ОҚУШЫ суға батып кетті

Облыс орталығында кәмелетке толмаған екі бала суға батып қаза болды.

Облыстық төтенше жағдай департаментінің мәліметі бойынша, 16 мамыр күні сағат 13:15 шамасында Орал қаласындағы Телецентр ауданында орналасқан «Кристалл» саяжай қоғамында жазатайым оқиға тіркелді. Құтқарушылар оқиға орнына сағат 13:45-те жетті. 2014 жылы туған С. есімді кәмелетке толмаған қыз бала ересектердің қарауынсыз жағалау маңында ойнап жүріп, абайсызда тайып кетіп, Шаған өзеніне құлап кеткен. ТЖД жедел-құтқару жасағы сағат 15:02-де баланың денесін судан алып шықты. Іздестіру барысында мәйіт жағалаудан 5 метр қашықтықтан, өзен арнасынан 4 метр тереңдіктен табылды. Ағын су екпінінен мәйіт құлаған жерінен 15 метрге ұзап кеткен. Қазіргі кезде оқиғаның мән-жайы анықталуда. Сонымен қатар 18 мамыр күні сағат 19:30-да Орал қаласына қарасты Круглоозерный кентінде тағы бір қайғылы жағдай тіркелді. Оқиға орнына жедел құтқару жасағы, төтенше жағдайлар бөлімінің және авариялық-құтқару қызметінің мамандары жұмылдырылды. Іздестіру жұмысының нәтижесінде сағат 20:32-де «Көшім» каналынан 2011 жылы туған, 9-сынып оқушысы Е.-нің денесі шығарылды. Алдын ала мәлімет бойынша жасөспірім арнайы жабдықталмаған жерде шомылғанда суға батып кеткен.

Департамент қызметкерлері полициямен бірлесіп, халық арасында су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын сақтау бойынша тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Сонымен қатар балалардың су айдындарында ересектердің қарауынсыз жүруіне жол бермеу мәселесіне де ерекше назар аударылууда. Алайда жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шараларға қарамастан, қайғылы оқиға сөйілмей тұр.

Қолғанат ҚОЖЫМ,
Орал қаласы

«CONRAD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Тыңдаулар келесі мекенжайда өтеді: БҚО, Теректі ауданы, Ақсуат ауылы, Жаңа өмір көшесі, 1А (мәжіліс залы), келесі жобалар бойынша:

24.06.2026 ж., сағат 10:00 - Қоршаған ортаға әсер ету туралы есепке сәйкес Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Қарабек қиыршық тасты-құмды кен орнының оңтүстік-шығыс бір бөлігін игерудің тау-кен жұмыстарын жоспары бойынша.

24.06.2026 ж., сағат 11:00 - «CONRAD» ЖШС-

нің 2026-2035 жылдарға арналған жобалау материалдарына негізделген, оның ішінде: Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің жобалары; Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары; Қоршаған ортаны бақылаудың өндірістік бағдарламасы; Қалдықтарды басқару бағдарламасы.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «CONRAD» ЖШС, БСН: 120440021823, БҚО, Орал қ., 4-ықш., 28-үй, 109-к., 120440021823, +7 707 606 6006, conraduralsk@gmail.com;

Әзірлеуші: «Эко-Жерұйық» ЖШС, БСН 060540011172, МЛ №00940Р (03.04.2007 ж.),

БҚО, Орал қ., Назарбаев д-лы, 215Б, 302-к., тел.: +7 (7112) 50-65-24, e-mail: ukashova.s@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға ұсынылған материалдармен ndbecology.gov.kz. порталында танысуға болады.

Жоспарланған іс-шара туралы қосымша ақпаратты телефон +7(7112)50-6524 және эл.почта: ukashova.s@gmail.com арқылы алуға болады.

«БҚО бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ жергілікті атқарушы органы, Орал қ., Сарайшық к-сі, 47, тел.: 8 (7112) 24-09-76, эл.пошта: zko_forest@bko.gov.kz.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49ВР100070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.

Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545.

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190

4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА,

А. ШОҢЫРАЕВА

Кезекші редактор: Г. ҚОЛҒАНАТОВА